

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ

Ілесбек Ұлдана Нұрғалиқызы, Бегенова Айна Қайырбекқызы

uldanailsbek@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ М-013 химия педагогтерін даярлау

білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Н.М. Омарова

Бағалау және бақылау дағдыларын қалыптастыру проблемасының пайда болу тарихы өткен ғасырлардан бастау алады. Алайда қазіргі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде шешуді талап етіп тұрған ең өткір мәселенің бірі осы болғандықтан, оның шешімі заманауи педагогикада үлкен серпіліс болары анық.

Білім беру жүйесінің басты міндеті сапалы білім беру ғана емес, саналы ұрпақ қалыптастыру. Өмірден өзіне не керегін, қандай мақсат-мұраттарға жететінін, өзінің потенциалы мен перспективаларын анализдей алатын, өзін-өзі бақылай алатын тұлға тәрбиелеу-болашақтың жемісі.

Keң мағынада бақылау бір нәрсені тексеруді білдіреді. Кибернетикалық көріністе ол кері байланыс принципіне негізделген. Оқу іс-әрекетін бақылау сыртқы кері байланысты (педагог орындайтын бақылау) және ішкі кері байланысты (оқушының өзін-өзі бақылауы) қамтамасыз етеді. Бақылау оқу процесінің қажетті құрамдас бөлігі, оның буыны болып табылады.

Бұл жұмыста мектеп оқушыларының органикалық химияны оқуда өзін-өзі бақылау әдістері және дағды ретінде қалыптастыру жолдары қамтылатын болады. Жұмыс объектісі ретінде органикалық химия пәні, субъектісі ретінде өзін-өзі бақылау әдістері алынды.

Жұмыстың мақсаты: химия оқу пәні арқылы 7-11 сынып оқушыларының бақылау-бағалау қызметін қалыптастыру және дамыту әдістемесін жобалау.

Жұмыстың міндеттері:

- 7-11 сыныптар үшін химия бойынша білім алушылардың бақылау-бағалау қызметін қалыптастыру логикасын көрсететін жұмыс бағдарламасын әзірлеу;
- білім алушыларға өздерінің білім беру маршруттарын жобалауға мүмкіндік беретін тақырыптық "білім карталарын" әзірлеу;
- өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауды қалыптастыруға бағытталған жаттығу және бақылау-диагностикалық тапсырмаларды әзірлеу;
- дидактикалық материалдарды сынақтан өткізу;
- жалпы орта мектепте дайындалған әдістеменің қолданылуы туралы қорытынды жасау.

Зерттеу әдістері:

1. Сапалық - зерттеу жұмысы бойынша әдебиеттерді, ақпарат көздерін зерттеу, нормативтік және нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды зерттеу, мектеп құжаттамасын талдау, білім алушыларға, мұғалімдерге сауалнама жүргізу және тестілеу.

2. Сандық - социометрия, жобалау қызметінің нәтижелерін белгіленген мақсаттармен салыстыру, білім алушылардың ілгерілеу динамикасын қадағалау, жұмыс нәтижелерін жалпылау және талдау.

Гордеева Т.О., Осин Е.Н., Лункина М.В., Бобров В.В. зерттеулерінде адам өмірінде өзін-өзі бақылау дағдысының маңызын дәлелдеген. Олардың жазуынша, өмірде сәттілікке жету үшін өзін-өзі бақылаудың маңыздылығын көрсететін ең танымал зерттеу-1960 жылдары Уолтер Мишель жүргізген 4 жасар балалармен классикалық эксперимент. Экспериментатор балалардан өздерінің сүйікті тәттілерін (зефир, печенье немесе торт) таңдап, шешім қабылдауды сұрады: оны дереу жеп қойыңыз немесе 15 минут күтіңіз және сол тағамның

екінші бөлігін алыңыз. Кейінгі бойлық өлшеулерде ұзағырақ күтуге дайын, қанағаттануды кейінге қалдыру және өзін-өзі бақылау қабілетін көрсеткен, кейіннен мектепте жақсы оқыған (SAT ұпайлары жоғары) және жоғары академиялық жетістіктерге қол жеткізген балалар табылды[1].

Мектептің басты міндеті-өз бастамасы бойынша өз білімін, дағдылары мен қабілеттерін кеңейту мүмкіндігі ретінде оқушыларда оқу тәуелсіздігін тәрбиелеу. Дәл осы мәселе аясында оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау және өзін-өзі бақылау туралы мәселе жаңаша айтылады.

Өзін-өзі бақылаудың оң әсерін көрсететін негізгі бағыттар-өмірде жетістікке жету, импульсивті мінез-құлықты бақылау, психологиялық бейімделу, тұлғааралық қатынастар және денсаулық. “Органикалық химия” бөлімі мектеп бағдарламасында 9-сыныптан бастау алатындықтан, жас ерекшелік психологиясы, өтпелі жас ерекшеліктеріне назар аударылуы тиіс.

Мектепте химияны оқытуда өзін-өзі бақылау дағдысын дамыту туралы И. В. Замурийдің еңбегінде кездеседі. Замурий И.В. зерттеуі бойынша мектепте химияны оқу кезінде балалардың өзін-өзі бақылау қабілетін сәтті қалыптастыру әдістемелік жүйе болған кезде мүмкін болады, оған мыналар кіреді:

- өзін-өзі бақылау тәсілдерін кезең-кезеңімен оқыту;
- өзін-өзі бақылау қабілетін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жиынтығын пайдалану;
- теориялық материалды игеруді бағалау қабілетін қалыптастыру;
- білім сапасын арттыруға ықпал ететін практикалық дағдыларды және олардың өзін-өзі бағалауын меңгеру[2].

Өзін-өзі бақылау оқу қызметінің барлық түрлерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол әрекеттің сенсорлық, психикалық және қимыл-қозғалыс компоненттерін қамтиды, оқушыға қойылған мақсат, жоспарланған жоспар және үйренген үлгі негізінде өз іс-әрекетін, осы әрекеттердің нәтижелерін бақылауға және оларды саналы түрде реттеуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың жұмысын ұйымдастыру формалары бойынша фронтальды, жеке және өзара өзін-өзі бақылаудың қажеттілігі туындайды. Фронтальды тексеру кезінде жазбаша мәтіннің дұрыстығына, орындалған жаттығуға, сабақта немесе үйде шешілген мәселеге, алынған нәтижеге және т.б. ұжымдық талдау жүргізіледі. Жазбаша тексеру кезінде графикалық жұмыстар, реакциялар, сондай-ақ ауызша жауаптарды тексеру арқылы өзара бақылау жүргізіледі. Студенттер жұмыстарымен алмасады, олардың әрқайсысы рецензент қызметін атқарады. Бұл жерде интерактивті оқыту технологияларының элементтерін қолданған жөн. Жеке бақылауға сабақтың әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылатын өзін-өзі бақылаудың барлық түрлері жатады. Бұл өзін-өзі бақылаудың негізгі және ең қиын түрі. Оның барлық элементтерін әркім өз бетінше орындайды[3].

Ресейлік ғалымдар Попова Е.Е., Петрищева Л.П., Лиштванова М.В-ның зерттеуі бойынша өзін-өзі бақылаудың топтық формалары, атап айтқанда, командалық ойындар – викториналарды қолдану оқу материалын тиімдірек есте сақтауға ықпал етеді. Тапсырмаларды орындау кезінде ойыншылар кеңес алу үшін бір-біріне жүгінеді, команда жеңіске жетуі үшін артта қалғандарға көмектеседі, жолда тапсырмаларды шешудің дұрыс бағытын түсіндіреді, оларды орындау кезінде нені ұстану керектігін ұсынады.

Психологтар мен әдіскерлер өзін-өзі бақылаудың үш түрін ажырататынын атап өткен жөн:

- алдын ала бақылау.

Бұл түрге мәселені шешу үшін қажетті іс-әрекет жоспарын құрастыру, сондай-ақ қиындықтарды алдын ала болжай білу;

- алдын ала өзін-өзі бақылау.

Бұл мектеп сабақтарындағы бақылаудың ең қиын түрі. Мұғалім сабақта алдын ала өзін-өзі бақылауды білім алушыларда жеткілікті «білім жинағы» болған кезде жүргізе алады, бұл

студенттерге тапсырманың күрделілігін бағалауға, сондай-ақ олардың болашақ іс- әрекеттерін бағалауға мүмкіндік береді;

- іс-әрекет барысында өзін-өзі.

Бақылаудың бұл түрі алдыңғыларға қарағанда қарапайым[4].

Дұрыс ұйымдастырылған өзін-өзі бақылау мұғалімге мектеп оқушыларының білімін, іскерлігін және дағдыларын объективті бағалауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде қажет болған жағдайда оқу-тәрбие процесін дер кезінде түзетуге және оқушыларға көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру кезінде оқушылардың танымдық қабілеттерін дамиды және сабақтағы белсенділіктері артады. Дұрыс қалыптасқан өзін-өзі бақылау білім алушыны тұлға ретінде тәрбиелеуге зор үлес қоспақ.

Химия сабағында оқушылардың оқу әрекетін бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі құралдар мен әдістердің ішінде ойын әдістерін ерекше атап өту қажет. Өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру кезінде химия сабақтарында ойын технологияларын қолдану ұжымдағы корпоративтік әрекеттестік пен студенттер арасындағы қарым-қатынасты арттыруға көмектеседі [5].

Кесте 1 Білім алушының өзін-өзі бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	Бірінші тапсырма	Екінші тапсырма	Үшінші тапсырма	Жалпы балл	Баға
1.						
2.						
3.						

Сабақ үстінде жеке немесе топтық бақылау мақсатында 1-кестедегі немесе оған ұқсас бағалау парақтарын қолдануға болады.

Аты-жөні _____

Кесте 2 Рефлексия

Іс-әрекет тізімі	Жасай аламын	Жасай алмаймын
1.Қосылыстың формуласы бойынша валенттілігін анықтау		
2.Валенттілігі бойынша формула құрастыру		
3. Реакцияны теңестіріп, коэффициент қою		
4. Реакцияның типін анықтау		
5. Атомдық массасын табу		
6. Қосылыстағы элементтің массалық үлесін табу		
7.Формула бойынша заттың массасы мен көлемін табу		

2-кестедегі бақылау парағы арқылы білім алушы белгілі бір тақырыпта өзінің білімі мен дағдыларына рефлексия жасай алады.

Қорытындылай келе, өзін-өзі бақылау- әр білім алушының бойында, өмірінде болуы керек дағды. Жоғарыдағы теориялық бөлімге негізделе отырып мектепте тәжірибе жүргізу көзделуде. Жұмыс жасалатын нысан жасөспірімдер болғандықтан, социометрия әдісі арқылы психологиялық-әлеуметтік жағдайы анықталып, денсаулық картасы тексеріледі. Білім деңгейлері мен денсаулық жағдайларына қарай органикалық химия сабағынан өзін-өзі бақылау карталары, тапсырмалар, дидактикалық материалдар дайындалады. Тәжірибеде материалдарды қолданып, сабақтар өтіледі. Білім алушылармен зерттеу жүргізілгенге дейін және кейін сауалнама алынып, статистикалық түрде қорытындысы алынады.

Оқу- тәрбие процесінің өте маңызды құрамдас бөлігі - өзін-өзі бақылауды барлық мұғалімдер өз сабақтарында тиімді қолданып, әр оқушының бойында осы дағдыны қалыптастыруы керек деп санаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Gordeeva T.O., Osin E.N., Suchkov D.D., Ivanova T.Yu., Sychev O.A., Bobrov V.V. Self-Control as a Personal Resource: Determining Its Relationships to Success, Perseverance, and Well-Being// Russian Education & Society, 2018
2. Замурий И. В. Формирование самоконтроля и самооценки учащихся при изучении химии // Химия. Всё для учителя!, №11, 2017
3. Петрищева Л.П., Попова Е.Е., Мелехина В.В., Лиштванова М.В., Организация самоконтроля на уроках химии / Мастерская публикаций (16+), - 2020
4. Попова Е.Е., Петрищева Л.П., Лиштванова М.В., Малованова И.Р. Квиз-игра как способ организация самоконтроля на уроках химии // Мичуринский государственный аграрный университет г. Мичуринск, Россия, 2020
5. Қуанышева Ж.Қ., Амангелді Н., Акимбаева Н., Арғынбаева З.М. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушылардың өз оқу әрекетін бақылауы // ҚазҰУ хабаршысы, 2020

ОӘЖ 378.147

«ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ҮЛГЕРМЕГЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қалмағанбетова Гүлсезім Мұхаммадханмаратқызы

sezimmaratova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Турсынова А.К.

Танымдық іс-әрекет, нәтижесінде білім алушылардың белсенділігі оқу сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады және сонымен бірге оқу процесінің нәтижесінің көрсеткіші болып табылады, өйткені ол тәуелсіздіктің дамуын, білім беру мазмұнын игеруге ізденіс-шығармашылық көзқарасты ынталандырады, білім алушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге итермелейді. Басқаша айтқанда, танымдық іс-әрекеттің мәні білім алушының танымдық салаға тереңірек және мұқият еруге деген ұмтылысы, тақырыппен шұғыл түрде айналысуға деген ұмтылысымен сипатталады.

Білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту проблемасы оқыту теориясы мен практикасында танымдық қажеттіліктері мен мүдделерін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған оқыту мазмұнын, нысандарын, әдістері мен одан әрі жетілдірудің жаңа тәсілдерін іздеуді талап етеді [1].

Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану, онлайн платформаларда тапсырмаларды ұсыну химияны оқытудың жаңа перспективалары мен